


ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕР НАРЫҒЫНА ШОЛУ 2024 жылдың IV-тоқсаны


2024 жылы еліміздің экономикасы мен қаржы секторы осымен кезекті рет үлкен сынақтан өтіп, сыртқы және ішкі сын-қатерлердің қысымына қарамастан өсуін жалғастырды. Халықаралық кеңістікте геосаяси және экономикалық тәуекелдер сақталды. Ұлттық Банктің бірқалыпты-қатал саясатының нәтижесінде инфляция жыл соңында 8,6%¹-ға төмендеді. Алайда әлі де деңгейі жоғары. АҚШ долларының ғаламдық тұрғыда нығаюы салдарынан теңгенің бағамы психологиялық көрсеткіш – 500 теңгеден өтіп, жаңа орнықты деңгейге жетті. Осылайша 2024 жылдың ішінде 15,5%-ға төмендеді². Сонымен бірге іскерлік белсенділік индексі жыл бойы оң аймақта болды³, номиналды ақшалай табыстар индексі оң серпінді сақтады (2024 жылғы желтоқсанда 108,5⁴), ал 2024 жылы экономиканың өсімі (әлемдік экономиканың 3,2%-ға өсуімен салыстырғанда) 4,8%-ды құрады. Банк секторы тұрақтылығын сақтады және халық депозиттерінің көлемі 2024 жылы 20,3%-ға көтеріліп, 24,5 трлн теңгеге жетті (салыстырар болсақ – 2023 жылы өсім 20,6%-ды құраған еді) (1-сурет).

Депозиттердің өсіп жатқандығы халықтың банк секторына деген сенімінің сақталғандығын және қаржылық инклюзивтілікті арттырады. Бұдан 25 жыл бұрын, Қазақстанда депозиттерге кепілдік беру жүйесі енді құрылған шақта, банктер көп жағдайда халық арасында ақшасын сеніп тапсыруға болатын сенімді қаржы институты болып қабылданбайтын. Адамдар ақшаларын қолма-қол ақша ретінде жинағанда жөн санайтын. Банк секторын және банктердегі басқару стандарттарын реттеудің күшеюіне қарай, банк секторының ашықтығы, қаржылық тұрақтылығы артты. Соның арқасында халықтың банктерге деген сенімі нығайды, және бүгінде әрбір адамда бір немесе бірнеше банк шотының болуы қалыпты жағдай. Айталық, Дүниежүзілік банктің деректері бойынша 2021 жылы-ақ 15 жастан жоғары қазақстандықтардың 81%-ы банк шоттарына ие болды. 2011 жылы бұл көрсеткіш 42%-ы құраған болатын⁵. Одан басқа, қаржы секторын цифрландыру жаңа шот немесе жаңа салымды оңай ашуға мүмкіндік береді, интернет және мобильді банкінг арқылы аударымдар мен төлемдерді (қолма-қол ақшасыз төлемдер мен аударымдардың жалпы көлемінің 90,5%-ы⁶) жүзеге асыруға жол ашады. Бұл сондай-ақ банктік қызметтердің қарапайым халықтың күнделікті өміріне етене енуіне жағдай жасайды. 2024 жылы депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктерде⁷ жеке тұлғалардың шоттары 13,3%-ға немесе 19,8 млн бірлікке артып, 169,2 млн шотты құрады.


1-сурет. Халық депозиттері банк шоттарының саны тұрақты өсуде



2-сурет. Теңгелік депозиттер – нарықтың өсуінің негізі



3-сурет. Валюталық депозиттер айырбас бағамының құбылмалылығына байланысты өсті



¹ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, өңірлердегі ақпараттық үрдістер, <https://www.nationalbank.kz/ru/news/infljacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/2195>

² 2025 жылдың 28 қаңтарында ҚРҰБ Төрағасы Т. Сүлейменовтың ҚР Үкіметінің мемлекет басшысы қатысқан кеңейтілген отырысында жасаған баяндамасы <https://nationalbank.kz/ru/news/doklady-i-vystupleniya>

³ <https://www.nationalbank.kz/ru/page/indeks-delovoy-aktivnosti-po-kazahstanu-ida>

⁴ Ұлттық статистика бюросы <https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-life/>

⁵ <https://databank.worldbank.org/source/global-financial-inclusion>

⁶ Төлем карточкалары және электрондық банктік қызметтер, <https://www.nationalbank.kz/ru/news/elektronnye-bankovskie-uslugi>

⁷ депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктер

Депозит нарығының өсуіне негізінен ұлттық валютадағы салымдар үлес қосып келеді – олардың табыстылығы валюталық және инфляциялық тәуекелдерден жоғары. Әдетте халықтың басым бөлігі тәуекелі төмен, кепілдігі бар табысты алуды жөн санайды. Теңгелік депозиттердің пайыздық табысы тұрақты. Ол инфляциядан әлдеқайда жоғары. Сондықтан қазақстандықтар арасында тұрақты сұранысқа ие. Айталық, 2024 жылы теңгелік депозиттердің көлемі, оның ішінде жоғары мөлшерлемелер бойынша есептелген сыйақылар есебінен 23,8%-ға өсті. Нәтижесінде 2024 жылы депозит нарығы 20,3%-ға өскен болса, сәйкесінше оның құрамында теңгелік депозиттердің үлесі 17,4%-ды, валюталық депозиттердің үлесі 2,9%-ды құрады (2-сурет).


Жыл соңына қарай айырбас бағымы біршама құбылды. Соның нәтижесінде долларлану деңгейі артты. Сонымен бірге ұзақ мерзімді үрдістерге қарайтын болсақ, экономикамыздың шетел валютасына тәуелділігі азайып жатыр. Айталық, 4-тоқсанда валюталық депозиттердің өсімі 0,8 трлн теңгені құрады. Оның 0,5 трлн теңгесі валютаны қайта бағалаудан түссе, тек 0,3 трлн теңгесі – таза салымдар (3-сурет). Айырбас бағамы өзгергенімен ақша теңгелік депозиттерден валюталық депозиттерге ағыла қойған жоқ. Өйткені теңгелік депозиттердің пайыздық мөлшерлемесі валюталық депозиттерге қарағанда айрықша жоғары. Оның үстіне 2024 жылдың желтоқсанынан бастап, Ұлттық Банктің базалық мөшерлемесінің өсуіне қарай, теңгелік салымдардың пайызы одан әрі өсе түсті. Сондықтан 2024 жылдың соңғы тоқсанында долларлану деңгейінің 0,9 пайыздық тармаққа (п.т.) өскені елең еткізер жағдай емес. Мұны нарықтың әлемдегі макроэкономикалық ауытқуларға қатысты бет түзегені деп қабылдауға болады. Жылдық тұрғыда долларлану деңгейі 2,1 п.т.-қа, ал айырбас бағамының өзгергенін есепке алсақ, 5,0 п.т.-қа төмендеді (4-сурет).

Депозиттерді сегменттер бойынша орналастыру құрылымы⁸


Бұқаралық сегмент толқуларға, тербелістерге ең төзімді қор және депозит нарығының тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Жеке тұлғалардың барлық шоттарының 99,6%⁹-ы дәл осы бұқаралық сегментке тиесілі. Мұнда депозиттердің орташа сомасы 204 мың теңгені құрайды. Бұл бұқаралық сегменттің ақшалары негізінен тұтынушылық қажеттіліктерге және күтпеген шығындарға жұмсалады. Сәйкесінше бұқаралық сегменттегі салымшыларға басқа ақша жұмсау жолдары қызық емес. Мінеки, әртарاپтандырудың жоғары дәрежеде болғандығы (шоттардың көбісіндегі ақшалар азын-аулақ қана) және салымшылардың тәуекелге бара бермейтіндігі арқасында бұқаралық сегмент инфляцияға және айырбас бағамының толқуына қарамастан тұрақты дамуда (5-сурет). 2025 жылдың 1 қаңтарына қарай, бұқаралық сегменттің жылдық өсімі 15,3%-ды, ал нарықтағы үлесі 49,2%-ды құрады (6-сурет).

Ірі және орта салымшылар теңгелік депозиттерді ден қоя бастады. Орта сегменттің валюталық депозиттерінің үлесі


4-сурет. 2024 жылы долларланудың ұзақ мерзімді төмендеу үрдісі жалғасты



5-сурет. Бұқаралық сегмент тербелістерге ең төзімді



6-сурет. Нарықтың құрылымы сегменттер бойынша валюталық артықшылық берулердің сараланымдық сипатқа ие екендігін көрсетті



⁸ бұқаралық сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеге дейін болатын депозиттер; орта сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеден 50 млн теңгеге дейін болатын депозиттер; ірі сегмент – қалдық ақшасы 50 млн теңгеден асатын депозиттер
⁹ нөлдік қалдықтары бар шоттарды есепке алмағанда

сонау 2020 жылы-ақ 50%-ға төмендеген еді. Соңғы бес жылда орта сегментте теңгелік депозиттердің үлесі айтарлықтай кеңейді. Олардың өсімі 2024 жылы 31,8%-ды, ал валюталық депозиттердікі 11,3%-ды құрады (7-сурет). Нәтижесінде жыл соңына қарай, орта сегменттің долларлануы 20,0%-ды көрсетті. Ірі сегмент долларланудың 50%-дық сындарлы деңгейін төмен қарай тек 2024 жылы кесіп өтті. Теңгелік депозиттер бойынша мөлшерлемелер соңғы екі жылда жоғары болып тұрған шақта, ірі салымшылар осы қаржы құралына ақша салуды ұлғайтты. Нәтижесінде теңгелік депозиттердің өсімі 2023 жылы 55,7%-ды, 2024 жылы 41,5%-ды құрады. Егер алдағы жылы Ұлттық Банктің бірқалыпты ақша-несие саясаты сақталатын болса, бұл үрдіс те одан әрі жалғасады деп күтуге болады.

Депозиттерді мерзімділік өлшемарты бойынша орналастыру құрылымы


Салымшылардың қаржылық сауаттылық деңгейінің артуына қарай, қазақстандықтардың депозиттердің барлық түріне деген сұранысы да арта түсуде (8-сурет). Банктердің клиенттері ақшаларын инвестициялау мақсатына қарай, оларды әртүрлі салымдарға үлестіруде: ағымдағы шоттар есеп айырысуларды жүзеге асыруға, мерзімсіз салымдар ақшаға тез қол жеткізуді қамтамасыз етеді және бір мезгілде жақсы табыс алуға мүмкіндік береді, ал жинақ және мерзімді салымдар қаржылық тәртіптілікті арттырып, жинақ ақшаны молайтуға септігін тигізеді. Нәтижесінде 2024 жылдың соңына қарай, жеке тұлғалардың депозиттерінің 14,7%-ы – ағымдағы және карточкалық шоттарды, 63,4%-ы – мерзімсіз салымдарды және 21,9%-ы – салымдардың қалған түрін құрады. Ең жоғары өсімді ақшаны мерзімінен бұрын алу және толықтыру жағынан шектеу қоятын қаржы құралдары – мерзімді салымдар – 27,8%, және жинақ салымдар көрсетті – 67,5%.

Банктер өздерінің депозиттік желісін кеңейтіп жатыр, ал бұл нарықтың дамуына серпін береді. 2024 жылы жекелеген банктер дәл осы – мерзімі 12 және 24 айдан жоғары салымдар бойынша адамда қызығатындай мөлшерлемелер ұсына басады. Бұл салымдар қазіргі уақытта отандық нарықта онша танымал емес. Өйткені мерзімдері ұзақ болған соң, пайыздық мөлшерлемелеріне қатысты тәуекелдер бар. Сонымен бірге бұл шара банктер үшін халықтан депозиттерге тұрақты қаражат қорын жинауды қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Одан басқа, жеке тұлғалардың депозит нарығында жаңа депозиттік өнім пайда болды – сыйақы мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер. Бұл депозиттердің ерекшелігі сол, табыстылық деңгейі тиянақты емес және салымның мерзімі барысында жоғары қарай немесе төмен қарай құбылуы мүмкін. Осы тәуекелге қарамастан, мөлшерлемесі құбылмалы депозиттерді таңдағандар да бар. Олардың үлесі 2025 жылдың 1 қаңтарына қарай 0,3%-ды құрады.


Сыйақы мөлшерлемесі

2024 жылы банктер жаңа реттеу аясында жұмыс істеді – бұл депозит нарығындағы баға белгіленімін оңтайландыруға мүмкіндік берді. 2024 жылға дейін ҚДКБҚ барлық банктер үшін жеке тұлғалардың депозиттері бойынша шекті мөлшерлемелерді белгілеп келді. Банктер


7-сурет. Орта және ірі сегменттер теңгелік депозиттерге деген сұранысты жоғары деңгейде сақтауда



8-сурет. Нарық салымдардың барлық түрінің көлемін арттыруда



9-сурет. Мерзімсіз салымдар бойынша нарықтық мөлшерлеме базалық мөлшерлемеге ілесуде




одан асып кеткен жағдайда Қорға айтарлықтай жоғарылатылған жарна төлейтін. Реттеу механизмін кезең-кезеңмен ырықтандыру аясында, банк қызметін жүргізу стандарттарының артуына қарай, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап, банктердің көпшілігі үшін шекті мөлшерлемелер жойылды. Тек капиталдануы жақсы деңгейден төмен болған санаулы банктер үшін ғана сақталды. Осы ретте мөлшерлемелер шектен тыс шарықтамас үшін және депозит нарығында салымдар әрі-бері ағылмас үшін Қор барлық банктерге арнап жүйелік тәуекел үшін төленетін жарнаны енгізді. Оның мөлшері банктердегі мөлшерлемелердің ауытқу дәрежесіне, яғни қаншалықты ауытқитындығына байланысты. Нәтижесінде, 2024 жылы барлық банктер баға белгілеуге байыппен, саналы түрде қарай бастады және мөлшерлемелердің шегі жойылғанымен, барлығы нарықтық деңгейді ұстануға тырысты.

Банктердің депозиттік саясаты үшін бағыт-бағдар беруші негізгі көрсеткіштер – Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі мен нарықтық мөлшерлеме. 2024 жылғы жылдық инфляцияның біртіндеп төмендеуіне қарай, Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені 15,75%-дан 14,25%-ға дейін 4 рет төмендетті (22 қаңтар, 26 ақпан, 3 маусым және 15 шілде). Сонымен бірге 2024 жылдың қарашасында Ұлттық Банк жаңа болжамдарды және инфляция тәуекелдерінің теңгерімін бағалауды есепке ала отырып, базалық мөлшерлемені бірден 1,0 п.т.-қа көтеріп, 15,25%-ға жеткізу туралы шешім қабылдады. Нәтижесінде депозит нарығының басым бөлігін алатын мерзімсіз салымдардың нарықтық мөлшерлемесі базалық мөлшерлеменің артынан ілесіп отырды: қаңтар мен қазан аралығындағы кезеңде 1 п.т.-қа – 14,9%-дан 13,9%-ға дейін төмендеді, қараша-желтоқсан айларында керісінше 0,3 п.т.-қа – 14,2%-ға өсті (9-сурет).

Мерзімді және жинақ салымдар бойынша нарықтық мөлшерлемелер базалық мөлшерлеменің өзгеруіне аса икемді емес екені белгілі. Өткен жылдың барысында банктер депозиттік базаны ұлғайту құралы ретінде мұндай салымдар бойынша табыстылықты жоғары деңгейде сақтады (10-сурет). Мерзімі 1 айдан 6 айға дейінгі мерзімді құрайтын, толықтыру құқығы жоқ салымдар бойынша ең тартымды мөлшерлеме – нарықтық мөлшерлеме 2024 жылдың желтоқсанында 17,3% деңгейінде сақталды. Бұл сегмент жаңа салымшыларды тартуда анағұрлым бәсекеге қабілетті болып саналады. Бұл ретте банктер мұндай салымдар бойынша толықтыру құқығын алып тастап, қысқа мерзімді белгілеудің арқасында өздерінің пайыздық тәуекелдерін барынша азайтады. Қысқа мерзімге ашылатын басқа салымдар бойынша белгіленген мөлшерлемелер де негізінен мерзімсіз салымдардан жоғары. Осылайша толықтыру және ақшаны мерзімінен бұрын алуға қатысты қатаң талаптардың есесін толтырады. Ұзақ мерзімді салымдар халық арасында онша танымал емес. Өйткені табыстылығы төмен. Сонымен бірге жыл барысында кейбір банктер қаражат қорын тұрақты түрде арттыру мақсатында ұзақ мерзімді салымдардың мөлшерлемелерін көтере бастады. Бұл нарықтың осы тауашасының дамуына серпін беруі мүмкін.

10-сурет. Мерзімді және жинақ салымдар бойынша мөлшерлемелер жоғары деңгейде сақталуда

а) толықтыру құқығы бар мерзімді және жинақ салымдар бойынша орташа өлшемді мөлшерлемелер



* Нарықтық мөлшерлеме есебіне банктердің сыйақы мөлшерлемесі 0,1%-ға тең немесе төмен салымдары қосылмайды. Осыны ескере отырып, мерзімі 1 айға дейін болатын, толықтыру құқығы бар, тұрақты салымдар бойынша нарықтық мөлшерлеме жоқ, өйткені бұл санатта мөлшерлемесі 0,1%-дан төмен овернайт қарыздары басым.

б) толықтыру құқығы жоқ мерзімді және жинақ салымдар бойынша орташа өлшемді мөлшерлемелер

